**Бөлім тақырыбы:**
**«Батыр туса – ел ырысы»**
**(герой рождаются – для славы)**

# Сабақтың тақырыбы:
# «Ақиқат пен аңыз»

# «Ақиқат пен аңыз»

# Әзілхан Нұршайықов «Батырмен сұхбат»



# Сабақтың мақсаты:

**«Батырмен сұхбат» тақырыбы бойынша үзіндінің тақырыбы мен идеясын анықтап, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолдану.**

•

## Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары

**Т.7.1.4.1. Повестер және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын анықтау;**

**ТБ.7.4.3.1 Жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу.**

Жаңа сөздер

**Дереу – немедленно**
**Жарақаттанған- раненный**
**Жөнелту – отправить**
**Жан ұшыру (тұрақты тіркес) – торопиться**
**Ес – түсссіз жаттым - лежал без памяти**
**Етпеттеп – лежать на животе**
**Әлден уақытта – через некоторое время**

**Дескриптор:**

**1.Жаңа сөздермен танысады, 1 сөйлем құрастырады.**

.

**Метафора** – құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолдану. Мысалы: жан азығы,табиғат – ана, өмір – өзен, күш атасы.

**Теңеу -** затты,нәрсені,құбылыстың, белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым. Теңеулер көбінде -дай/дей -тай/тей жұрнақтары арқылы жасалады.

Мысалы: сұңқардай, арыстандай, жолбарыстай.

## Миға шабуыл

**1.Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы**

**қандай шығарма?**

**2.Бұл шығармада кімнің азаматтық, ерлік тұлғасы ашылады?**

**3. Бауыржанның жастық шағы, Ұлы Отан соғысы жылдары қалай баяндалады?**

**4. Роман қандай формада жазылған?**

**5. Бауыржанның мінезі қандай болған?**

•

•

**1.Қаһармандық рухтағы шығарма.**
**2.Ұлы Отан соғысының қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасы ашылады.**
**3.Бауыржанның жастық шағы, Ұлы Отан соғысы жылдары кезеңі шынайы фактілермен баяндалады.**
**4.Романның жазылу формасы: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогіне құрылған.**
**5. Ол өтірік айтпайтын, жамандық ойламайтын ақ жүрек адам болған.**



Бауыржан Момышұлы (24 желтоқсан 1910 жыл - 10 маусым 1982 жыл) — Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик.

Батыс майданындағы 16 армияның 316 (1941 жылдың қарашасынан бастап 8-гвардиялық Қызылту атқыштар дивизиясы 1073 атқыштар полкінің (1941 жылдың қарашасынан 19 Гвардия полкі) және батальон командирі. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысы туралы айтты. Соғыста күні-түні тер төгіп, Отан алдында, тарих алдында, халық алдында азаматтық борышын ақтағандары туралы әңгімеледі. «Жеңіс бізге арзанға түскен жоқ. Көп жауынгер қаза тапты, қол-аяғын беріп үйге оралған адам аз емес. Соғыс қайғысын, мұңын әр адам басынан өткізді. Отанымыздың тыныштығы, тәуелсіздігі үшін мыңдаған адам жандарын берді» -дейді батыр ағамыз.

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы – қаһармандық рухтағы шығармалардың бірі. (Роман Азилхана Нуршайыкова «Истина и Легенда" - одно из произведений героического духа). Бұл шығармада Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасы ашылды. (В этом произведении раскрыта гражданская, героическая личность прославленного героя Великой Отечественной войны, гвардии полковника Бауыржана Момышулы). Жазушы Бауыржанның жастық шағынан бастап, Ұлы Отан соғысы жылдар кезеңі, бейбіт өмірге дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілермен баяндайды. (Правдивыми фактами писатель рассказывает о нелегком жизненном пути Бауыржана от юности до Великой Отечественной войны, до мирной жизни). Романның жазылу формасы да ерекше, бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогіне құрылған. (Необычна и форма написания романа, вся история построена на диалоге автора и героя). Шығарманың басты кейіпкері - Бауыржан Момышұлы – Кеңес Одағының батыры, жазушы. (Главный герой произведения - Бауыржан Момышулы - Герой Советского Союза, писатель). Ол Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег, тактик болған. (Он был славным воином отечественной войны, военачальником, стратегом, тактиком). Шығармада Бауыржан өз айтқанын қайтпайтын, өр мінезді кісі болғанын көрсетеді. Ол жас кезінен әкесінің сөздерін жанында сақтап өскен. (В произведении Бауыржан показывает, что он был вспыльчивым и неподражаемым человеком. С юных лет он рос рядом со своим отцом и всегда слушал его слова). Өлсе де, өтірік айтпайтын, жамандық ойламайтын ақ жүректі кісі болған. Өмірге осындай тамаша туынды әкелген Әзілхан Нұршайықов –

1- тапсырма. Берілген  суреттер мен тірек сөздер  бойынша диалог құрастыру.

**Тірек сөздер: Жеңіс күніне, ардагерлерін құттықтады, Ұлы Отан соғысының, құттықтау сөздерінен, кейін, ардагерлерге, сыйлықтар табысталды.**

***Дескриптор:***

***Тірек сөздермен сөйлем құрастырады***

**2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғап, көшіріп жазу**

**1.Мәметова Мәншүк Жиенғалиқызы 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы ..... Орал ауданы .... туған. 2. Мәншүк.... ата- анасы ерте қайтыс болып, тәтесі бауырына басады. 3. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Мәншүк медицина инситутын.. Оқиды. 4. 1942 жылы өз еркімен майдан... аттанады. 5. 1944 жылы 1 наурызда сержант М.Мәметова ерлікпен қаза тапқаннан кейін «Кеңес одағы... Батыр» атағы берілді.**

***Дескриптор:***

***Тиісті қосымшаларды жалғап, көшіріп жазады.***

**3-тапсырма. Берілген сөздерді мәтінде келу ретіне қарай орналастыр.**

**Екінші дүниежүзілік, даңқты, әскери қолбасшы, бейбіт өмірге, ерлік, өтірік айтпайтын, жастық шағы, тамаша туынды, кейіпкердің диалогі, қаһармандық.**

Дескриптор:

Мәтінге сай сөздерді ретімен жазады.

**4- тапсырма.** «Батыр Бауыржан» тақырыбында бес жолды өлең құрастырыңыз. Өлеңде теңеу мен метафораны қолданыңыз.

- **Бірінші жолы-зат есім**
- **Екінші жолы- 2 сын есім**
- **Үшінші жолы- 3 етістік**
- **Төртінші жолы- ұғымға қатысты білдіретін сөйлем.**
- **Бесінші жолы- синоним немесе балама.**

**Дескриптор:**

1. Бес жолды өлең құрастырады;

2.Теңеу мен метафораны қолданады;

3.Өлең құрылымын сақтайды;

•

**Ықтимал жауап:**

**1.Батыр Бауыржан**

**<u>2.Арыстандай, жолбарыстай (теңеу)</u>**

**3.Соғысты, қызмет атқарды, жазды**

**4.Өлсе де, өтірік айтпайтын, <u>ақ жүрек (эпитет)</u> адам**

**<u>5.Күш атасы (метафора)</u>**

## *Сабақты бекіту:*

- ***Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап берді.***
- ***Өз ойларын ортаға салды.***

**Бағалау**

Менің ойымша (имя?) сабақта өз белсенділігін керемет көрсетті (**ӨТЕ ЖАҚСЫға**) бағалаймын.




Менің ойымша (имя?) сабақты жақсы айтты **(ЖАҚСЫға)** бағалаймын.



Менің ойымша (имя?) сабаққа мүлдем қатысқан жоқ, жауап бере алмады (**ОРТАШАға**) бағалаймын



# Рефлексия (кері байланыс)



«Алма» әдісі арқылы

**Қызыл алма** - сабақ керемет әрі қызықты болды!

(Было очень интересно! Всё получилось! раскрасьте **красным цветом**)

- **Сары алма -** сабақты орташа ұқтым, қиынырақ болды

( было трудно, но я не совсем справился, раскрасьте **желтым или оранжевым цветом**)

- **Жасыл алма** - сабақ маған ұнаған жоқ, мен ештеңе орындаған жоқпын

(мне не понравился урок, я ничего не выполнил, раскрасьте **зеленым цветом**)